

ПОСТДОКТОРАНТУРАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін іске асыра отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғары оқу орындарының біріншісі болып постдокторлық бағдарламасын ашты. Бұл маңызды қадам университетті озық әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттеріне айналдыруға және әлемдік ғылыми-білім беру қоғамдастығындағы қазақстандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға бағытталған.

Дүниежүзілік тәжірибеде постдокторантура институты жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлаудың тиімді нысандарының бірі, әрі ғылымның негізгі қозғалтқышы болып табылады. ҚазҰУ-дың жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін постдокторантура бағдарламасы ең алдымен ғылыми дәрежесі бар жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттырып, олардың жүргізген дербес ғылыми-зерттеулерін тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер аясында және жоғары рейтингті ғылыми басшылардың жариялау арқылы өзектілігін арттыру мүмкіндігін береді.

Қазақстандағы постдокторантура бағдарламасын алғаш ашқан жоғары оқу орны ретінде ҚазҰУ талантты жас ғалымдарды қолдау үрдісін айқындап, университеттің индустриялық-инновациялық және білімге негізделген экономиканың орталығы ретінде қалыптасуының келесі кезеңін жүзеге асыруда.

Бұл жаңашылдық Қазақстан үшін қажетті ғылыми кадрларды даярлауға қатысты маңызды мәселелерді шешуге, жастарды «жылыстаудан» «тартуға» және «ғұламалардың айналымына» жұмылдыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама, сондай-ақ, ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметіне тек қазақстандық қана емес, сонымен бірге бүкіл әлемнің ғалымдарын тартуға септігін тигізетін болады және де отандық ғылымның әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне ары қарай интеграциялануына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта университет жоспарлы түрде алға жылжып, беделді әлемдік рейтингілердегі өз позицияларын нығайтуда, сондай-ақ заманауи ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар ірі зияткерлік корпорация болып табылады.

Султанова А.Е., Сұлтанғалиева Н.Ж.

БІЛІМ — ӨМІР ШЫРАҒЫ

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы.

Адам өз дүниетанымын түрлі кітаптар оқып дамытады. Соның ішінде әдеби кітаптарды айтпасқа болмас. Біздің қара шаңырақ ҚазҰУ-да да бұл жағдай қарастырылған. Ол «Оқуға тиіс 100 кітап». Оның ішінде Халық ауыз әдебиетінен бастап, қазіргі таңдағы ақын, жазушыларға дейін бар десем қателеспеспін. Енді бүгін соның ішіндегі Халық ауыз әдебиетіне кеңінен тоқталып өтсем.

Адам өмірінде тәлім-тәрбиенің маңызының зор екенін терең түсінген олардың ешқайсысы да осы тақырыпты айналып өте алмады.

Қазақ зиялыларының тәлім-тәрбие беру жөніндегі құндылықтары елжандылық, халқы үшін адал қызмет ету екенін өз еңбектерінде терең түсіндіре алды. Ұлтжандылықтың, елін сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген ежелгі қазақ ақын-жыраулары, ойшылдары өз шығармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті, көп көңіл бөліп, халықты елі үшін жанын жеда етуге, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге баса көңіл бөледі.

Жастарды елжандылық рухта тәрбиелеу жауынгер жыршысы Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде өзекті орын алады. Ол өз еңбектерінде жастарды ерлікке, Отан сүюшілікке, ар-намысты қорғауға, адамгершілікке уағыздайды. Ақынның қай өлеңін алсақ та, халыққа адал қызмет ет, еліңді, жеріңді жаудан қасық қаның қалғанша қорға, әділет үшін, халық үшін өкінбей өлу азамат ердің ісі деген аталы сөз өрнектеледі. Осындай халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс-әрекетке баулиды. Махамбет, Ақтанберді, Шал, т.б. ақын-жыраулар шығармасында ерекше сөз болатын ерлік, Отанын, елін-жерін жаудан қорғай білушілік, отбасы, ауыл-аймақ, ел намысын қорғау жолында жан аямаушылық сияқты ізгі қасиеттерді дәріптей отырып, жастардың бойына елжандылық пен интернационализмді, гуманистік қасиеттерді сіңіре аламыз.

Ағыл-Мұсапар Оразбай Үсенұлы, Амангелдиева С.Н.

ҮЗДІКСІЗ ДАМУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазіргі заман күннен-күнге дамып келеді. Әр күні түрлі жаңа дүниелер шығу үстінде. Жаңадан бір дүние жасалынып, оны жасау ұзақ уақытты талап етсе, уақыт өте өзге бір ғалым оның жеңіл жолын табуда. Міне, қазіргідей бәселестік заманында адамды таңқалдыра білу қиын. Осы тұрғыдан өзгелерге қызықты мәліметтер қатарын көбейту мақсатында ҚазҰУ-дың оқытушылары Нурбакова Г., Алибаева А. Робот жасаудың жаңа тәсілдері атты жаңа үйірмені өткен жылдарда жасаған болатын.

Бұл үйірме жайында айтпас бұрын, робот жайындағы соңғы жаңалықтарға құлақ түрсек. Робот қоршаған әлеммен әрекеттескен кезде адамның (жануарлардың) қызметтері мен іс-әрекеттерін ішінара немесе толық атқарады. Алғашқы роботтар адамның қозғалысы мен сырт пішінін қайталайды. Олар ойын-сауық мақсаттарында пайдаланылды. Қазіргі кезде тұрмыстағы көптеген қызметтерді атқаратын, қадағалайтын, мүгедектер мен сәбилерге көмекші, көңілін аулайтын, т.б. роботтар жасалынды, интеллектуалдық роботтар да пайда бола бастады. Робот техниканың дамуы барысында адамдарды бірсарынды ауыр жұмыстардан, жоғары радиациялы, жоғары немесе төмен температура жағдайларындағы және адам қатынауы қиын жерлердегі (суастында, ғарышта) жұмыстардан босататын автоматтық құрылғылар мен механизмдер түрінде жасалып, олар үнемі жетілдіріле түсуде. Мұндай құрылғылар мен механизмдер өнеркәсіптік роботтар деп аталады. Өнеркәсіптік роботтар – өндіріс процесінде адамның қозғалу және басқару сияқты іс-әрекеттерін (өндіріс заттарының орнын ауыстыру, т.с.с.) және технологиялық құралдардың (айла-тәттіктердің) қызметтерін орындайтын автоматтық машина. Адамның қатысуынсыз бір немесе бірнеше технологиялық операцияны, өңделетін бұйымды тиеу мен түсіруді қоса алғанда автоматты түрде орындайтын технологиялық өңдеуші машиналардың, өндірістік машиналардың, тасымалдау және көмекші жабдықтардың жиынтығын робот-техникалық кешен деп атайды.

Міне, осы және өзге де робот жайындағы мәліметтер, жасалу әдістерінің білсе келсе, осы үйірменің дөңгелек үстелдеріне қатыссаңыз болады.

Молдрахым Г.Т., Омаржанова Т.Ж.

МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

«Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» демекші, бүгінгі әңгімеміз арманға байланысты болмақ.

Әр адамның өмірде өз жолы бар. Дұрыс не бұрысын таңдау өзінің еншісінде. Бірақ көпке барам дейтін адам дұрыс жолда еңбек етіп, алға қарай жүреді. Жалпы, адамды самғататын ол – еңбек. Бізге кейде бір нәрсені жасау керек болса қиналамыз, барғымыз келмейді, ұйықтап, демалғымыз келеді. Бірақ бұл еріншектікті қою керек. Себебі көшеде кетіп бара жатсаң түрлі адамдарды көресің. Бірінің қолы, бірінің аяғы жоқ. Енді бірі естімейді не болмаса сөйлей алмайды. Сонда да бәрі еңбек етуде. Аяқкімің бұзылса етікшіге барасың. Ал етікшілердің көбі сөйлей алмайтындар. Бірақ бәрі өмірден өз жолдарын іздейді, алдынан бақытты күтеді. Ал біздің, Аллаға шүкір, он екі мүшеміз аман, деніміз сау. Бізде жасаймын десең мүмкіндік мол. Тек алға қарай ұмтылып, еңбек ете беру керек. Сонда ғана жемісін көресің. Бір нәрсе жасап «Мен еңбек еттім, түк шықпады» деу бекершілік. Одан әрі жалғай беру керек. Сонда ғана еңбектің жемісі байқалады. Ол бір емес, бірнешедең шығуы мүмкін. Тек берілмеу керек.

Кейде теледидардан не болмаса бір кісілерден естіп жатамыз: адамға 1 пайыз дараын берілсе, қалған тоқсан тоғызы еңбекпен келеді. Яғни сен қызығатын жұлдыздар, сен қызығатын жоғарыда отырған кісілер, әкім, ұстаздар бәрі-бәрі осы бір еңбектің арқасында сондай дәрежеге жеткен кісілер. «Мен жетпедім, өспедім» деп үйде отырғанда, өзге адам жету керек деп жоғарыға ұмтылады. Ұмтылған, талпынған адам түптің-түбі өз арманына жетеді. Бәріне жетпесе де белгілі бір бөлігіне жетеді. Үлкен бір кітапты бастар алдында «мен бұны оқып бітіре алам ба, көп екен, қызығы қай жерінде екен» деп соңын оқыған адам кітаптың мазмұнын түсінбейді, негізгі ұғымын, пайдасын сезінбейді, ал қандай томдық кітап болмасын, қызығып бірден кірісіп, басынан соңына дейін қызығушылықпен оқыған адам, жаңағы айтқан адаммен бірдей бітіруі мүмкін.

Бұның бәрін нәліктен жазып отырмыз, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары мына таңда бұрынғыдан әлдеқайда көп. Сол себепті оларға біліммен қатар, өнегелі тәрбиені, бойларындағы патриоттық сезімді одан әрі дамыту біздің бір міндетіміз деп білеміз.

Оралбекова А., Нұрақ С., Жанатаев Д.

БІЛІМ - АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ОРТАҚ ҚАЗЫНАСЫ

Білім – қоғамды өлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі – адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғашқы шарты – білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді. Солардың бірі де бірегейі Алматы қаласында сонау 1934 жылдан үздіксіз білім беріп келе жатқан, әрбір мектеп бітірушінің арманы, әр студенттің мақтанып та марқайып та айтатын оқу орны – ҚазҰУ.

Болашақ маман иесін Алматыға құштар еткен ҚазҰУ.

Оқу орданың Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби аталуының өзі де тегін емес. Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасында ең ірі ғалым, философ және шығыс аристократизмнің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында «Екінші Ұстаз» атауына ие болды. Осындай ұлы тұлғаның есімін арқалаған оқу орнынан бүгінгі күннің ғалымдары, қоғам қайраткерлері, мәдениет майталмандары және өзге де салаларда еңбек етіп жүрген тұлғалар түлеп ұшқан.

Алатаудың баурайындағы Алматының төрінде орналасқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағы «қала ішіндегі қалашық» десек те қателеспейміз. Қара шаңырақтың қоластына жиылған студенттер талабын қанағаттандыруға барынша жағдайлар жасалған. Я бұл көріністі ғажайып өлем десе де болар, ең бастысы талай бала қыранның қанатын ұштап, қияға самғатып, арманын орындатқан студенттер сарайы, тарихы тереңде жатқан ҚазҰУ-дың жеке мұражайы, еліміздегі ең ірі студенттік кітапхана, тағысын тағылар, айта берсең толып жатыр. Адамзат баласының осы қиындығы мен қызығы қатар жүретін мынау жалғанда қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысам десе де өміріндегі ең бір ұмытылмас кездер университет қабырғасындағы керемет шақтар, студенттік кезең. Біздің асқақ арманымыз бізді Алматы шаһарына, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне жетеледі. Осы жерде білім алатын барша студенттер үшін жан-жақты даму үшін, көшбасшылық қабілетті қалыптастыру мақсатында, өз-өзін кемелдендіріп, еркін, заманауи дамыту үшін бар жағдай жасалған. Сол бар мүмкіншілікті пайдалана білу, әр студенттің өз қолында. ҚазҰУ – мүмкіндіктер мекені!

Менде аталмыш білім ордасына оқуға түскенімді мақтан етемін. Және де осы университетте білімімді шыңдап, білікті маман иесі атануға бар күшімді салып, келешекте беделін көтеруге тырысамын. Болашақ мектеп түлектеріне осы оқу орнын таңдауға кеңес беремін.

Атенова Асел Сабырхановна,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, физика-техникалық факультетінің, «Ғылыми физика» мамандағы бойынша

4-курс студенті